

2026. 13 (1)

Asian Journal "STEPPE PANORAMA"



ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2025 ж. 5 сәуірде тіркелген. Тіркеу нөмірі № KZ91VPY00116246. Жылына 6 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих, этнология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2026
© Авторлар ұжымы, 2026

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аутрам Алан (Outram Alan) — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университеті, тарих және археология кафедрасының профессоры. (Ұлыбритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының Тарих институтының Этнология және антропология орталығының меңгерушісі. (Өзбекстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) – тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — тарих ғылымдарының докторы, Нюрнбергтегі Бавариялық немістер мәдени орталығының (BKDR) ғылыми қызметкері. (Германия)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, CERCEC директорының орынбасары, Францияның Ұлттық ғылыми зерттеу орталығының (CNRS) қызметкері. (Франция)

Сабурова Татьяна — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Индиана университеті. (АҚШ)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Мунинов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Томохико Уяма — PhD, Хоккайдо университетінің Славян және Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония)

Ян У. Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, Калифорния университетінің профессоры (АҚШ)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Кубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Бурханов Бимурад Бадритдинұлы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Копеева Сания Жуматайқызы — магистр, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ KZ91VPY00116246 от 03.04.2025 г. Публикуется 6 раз в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история, этнология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Сайт журнала: <https://ajspiie.com>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2026
© Коллектив авторов, 2026

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Депутат Мажилиса Парламента РК. (Казахстан)

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Аутрам Алан (Outram Alan) — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории Университета Эксетера. (Великобритания)

Аширов Адхамжон Азимбаевич — доктор исторических наук, профессор, заведующий Центром этнологии и антропологии Института истории Академии наук Республики Узбекистан. (Узбекистан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США)

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва. (Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени Аль Фараби. (Казахстан)

Кригер Виктор (Kriege Viktor) — доктор исторических наук, научный сотрудник Баварского культурного центра немцев (BKDR) в Нюрнберге. (Германия)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Оайон Изабель (Ohayon Isabelle) — кандидат исторических наук, профессор, заместитель директора CERCEC, сотрудник Национального центра научных исследований Франции (CNRS). (Франция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Сабурова Татьяна — доктор исторических наук, профессор, Университет Индианы. (США)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

Томохико Уяма — PhD, профессор Центра славяно-евразийских исследований Хоккайдского университета (Япония)

Ян Кэмпбелл (Ian W. Campbell) — PhD, профессор Калифорнийского университета (США)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Бурханов Бимурад Бадритдинович — магистр, научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Копеева Сания Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology" of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. KZ91VPY00116246 dated 03.04.2025. The journal is published 6 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history, ethnology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Journal website: <https://ajspiie.com>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2026
© Group of authors, 2026

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, General Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Member of the Mazhilis of the Parliament of the RK. (Kazakhstan)

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Azimqulov Javohir — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Center for Ethnology and Anthropology at the Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Ian W. Campbell — PhD, Professor at the University of California (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan)

Kriege Viktor — Doctor of Historical Sciences, Researcher at the Bavarian Cultural Center of Germans (BKDR) in Nuremberg. (Germany)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Ohayon Isabelle — Candidate of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of CERCEC, Researcher at the French National Center for Scientific Research (CNRS). (France)

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor in the Department of Archaeology and History at University of Exeter. (Britain)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Saburova Tatiana — Doctor of Historical Sciences, Professor, Indiana University. (USA)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Tomohiko Uyama — PhD, Professor at the Slavic-Eurasian Research Center, Hokkaido University. (Sapporo, Japan)

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Burkhanov Bimurad Badritdinovich — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — Master's, researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan
Asian Journal “Steppe Panorama”
Has been issued as a journal since 2014
ISSN 2710-3994.
Vol. 13. Is. 1, pp. 169-181, 2026
Journal homepage: <https://ajspiie.com>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2026_13_1_169-181

POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION

*Muhametkhanuli Nabizhan*¹, *Kurbanali Zhazira*^{2*}

¹Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., Almaty 050040, Republic of Kazakhstan)
Doctor of historical sciences, Professor, Honorary Academician of the National Academy of Sciences
 <https://orcid.org/0000-0002-0460-3197>. E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University
(71, Al-Farabi Aven., Almaty 050040, Republic of Kazakhstan)
PhD Doctoral Student
 <https://orcid.org/0009-0007-6151-3423>. E-mail: zhazi1981@inbox.ru
*Correspondent author

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2026
© Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh., 2026

Abstract. *Introduction.* This article examines the political relations between the Han Dynasty and the Xiongnu Empire, their mutual influence, and their impact on nomadic civilization. Official relations between the Han Empire and the Xiongnu spanned three centuries (from the late 3rd century BCE to the end of the 1st century CE). *Goals and objectives.* To examine the fact that throughout this lengthy historical process, the nature of the relationship between the two polities evolved according to fluctuations in their respective state power. *Results.* In the early period, with the Xiongnu holding a dominant position, the Han Dynasty pursued a policy of *heqin* (marriage alliance) and tributary relations towards them, seeking to deter the Xiongnu's predatory raids through the provision of substantial annual gifts and tribute. This policy, however, failed to resolve the fundamental problem. Consequently, the Han Chinese focused on developing their socio-economic base, science and technology, and strengthening their military capabilities. After approximately a century of internal development and consolidation, they shifted their policy from a defensive to an offensive stance against the Xiongnu. Through protracted confrontation and military campaigns, the Han Empire, leveraging its superior resources, significantly weakened the Xiongnu and ultimately dismantled their unified state. It also expanded its sphere of influence westward, reaching into Central Asia. By securing the Silk Road, it enhanced its political, economic, and cultural influence over the Western Regions. Nevertheless, Xiongnu civilization was not extinguished. On the contrary, the steppe civilization they forged continued to influence ethnic dynamics in the region, contributed to the formation of new political structures, and maintained an active role in wider interstate relations. The conflicts between the Han Dynasty and the Xiongnu represented a clash between two distinct civilizational models: the sedentary, agrarian civilization of the Chinese and the nomadic, pastoral civilization of the Xiongnu. Although the Xiongnu state structure was dismantled, their steppe civilization demonstrated remarkable resilience. It served as a crucial political model for subsequent steppe empires, notably the First Turkic Khaganate and the Western Turkic Khaganate. It laid a solid

foundation for the social development of Turkic peoples and the formation of their language and script. Furthermore, Xiongnu military tactics, nomadic pastoral traditions, and worldview profoundly influenced later steppe tribes. *Conclusion.* The complex political relationship and civilizational interaction between the Han Dynasty and the Xiongnu had a profound and lasting impact on the historical development of the Eurasian continent.

Keywords: Han dynasty, Xiongnu Empires, political relations, civilizational interplay, intricate political diplomacy, geopolitical shifts in Central Asia, the Silk Road, the convergence of civilizations

For citation: Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh. Political relations between the han dynasty and the xiongnu and their influence on nomadic civilization // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Vol. 13. No. 1. Pp. 169-181. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_169-181

ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ

Мұқаметханұлы Нәбижан¹, Құрбанәлі Жазира^{2*}

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының Құрметті академигі

 <https://orcid.org/0000-0002-0460-3197>. E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

(71-үй, Әл-Фараби даңғ., 050040 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Докторант

 <https://orcid.org/0009-0007-6151-3423>. E-mail: zhazi1981@inbox.ru

* Корреспондент автор

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026

© Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж., 2026

Андатпа. *Kipicne.* Мақалада Хань династиясы мен Ғұн империясы арасындағы саяси қарым-қатынас және оның өзара ықпалдастығы мен көшпелілер өркениетіне тигізген әсері қарастырылады. Хань патшалығы мен ғұндар арасындағы ресми байланыстар үш ғасырға созылған-ды (б.з.д. III ғасырдың соңынан – б.з. I ғасырдың соңына дейін). Осынау ұзына тарихи үдеріс барысында екі ел арасындағы қатынастың сипаты олардың мемлекеттік қуатынның күшеюі мен әлсіреуіне байланысты өзгеріп отырды. Бастапқы жылдарда ғұндар өктем орында болғандықтан Хань династиясы оларға құдандалы дипломатиялық саясат қолданып, жыл сайын қыруар тарту-таралғы ұсыну тәсілімен ғұндардың талан-таражылық шабуылдарынан қорғанды. Алайда бұл саясат мәселені түбегейлі шешпеді. Сондықтан қытайлар өздерінің әлеуметтік экономикасы мен ғылыми-техникасын дамытып, әскери қуатын нығайтуға көңіл бөлді. Сөйтіп олар бір ғасырдай дамып күшейген соң, ғұндарға қолданған алғашқы саясатын өзгертіп, қорғанудан шабуылдауға өтті. Ұзаққа созылған қарсылық, жорықтар арқылы Хань империясы өзінің мол ресурстарына сүйене отырып, ғұндарды әлсіретті, тіпті мемлекетін ыдыратты. Сондай-ақ бақылау кеңістігін батысқа қарай кеңейтіп, Орталық Азияға дейін ықпал жасады. Жібек жолын ашу арқылы Батыс өңірдегі елдерге саяси, экономикалық және мәдени ықпалын арттырды. Дейтұрғанмен ғұндар өркениеті жойылмады, керісінше қалыптастырған далалық өркениеті аймақтағы этникалық процестерге әсер етіп, жаңа саяси құрылымдардың қалыптасуына және халықаралық қатынастарда белсенді рөл атқарды. Хань династиясы мен ғұндар арасындағы қайшылықтар – екі ұқсамаған өркениет арасындағы немесе аграрлық өркениеттегі қытайлар мен көшпелі мал шаруашылық өркениеттегі ғұндар арасындағы қақтығыстар сипатында болды. Алайда ғұндардың мемлекеттік құрылымы жойылғанымен,

олардың далалық өрениеті өміршеңдік танытты, кейінгі Түрік қағанатына, Батыс түрік қағанатына саяси үлгі көрсетті. Түркі халықтарының әлеуметтік дамуына, тіл-жазуының қалыптасуына берік негіз қалады. Сонымен қатар, ғұндардың әскери тактикасы, көшпелі шаруашылық дәстүрлері мен дүниетанымы да далалық тайпаларға терең ықпал етті. Хань династиясы мен ғұндардың өзара саяси қатынастары мен өркениеттік ықпалдастықтары Еуразия аумағына айырықша әсер етті.

Түйін сөздер: Хань және Ғұн империясы, саяси қатынастар, өркениеттік ықпалдастық, саяси құданлық дипломатия, Орта Азиядағы геосаяси өзгерістер, Жібек жолы, өркениеттер тоғысы
Дәйексөз үшін: Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. Хань династиясы мен ғұндардың саяси қатынастары және оның көшпенділер өркениетіне ықпалы // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. 169-181 бб. (Қазақш.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_169-181

ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ

Мукаметханұлы Набижан¹, Курбанали Жазира^{2}*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
 (д. 71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
 Доктор исторических наук, профессор, Почетный академик Национальной академии наук
 <https://orcid.org/0000-0002-0460-3197>. E-mail: nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
 (д. 71, просп. Аль-Фараби, 050040 Алматы, Республика Казахстан)
 Докторант
 <https://orcid.org/0009-0007-6151-3423>. E-mail: zhazi1981@inbox.ru

*Корреспондирующий автор

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026
 © Мукаметханұлы Н., Курбанали Ж., 2026

Анотация. Введение. В статье рассматриваются политические отношения между династией Хань и империей Хунну, а также их взаимовлияние и воздействие на цивилизацию кочевников. Официальные связи между империей Хань и Хунну длились три столетия (с конца III века до н.э. до конца I века н.э.). *Цель и задачи исследования.* Проверить факт того, что на протяжении этого длительного исторического процесса характер отношений между двумя государствами менялся в зависимости от усиления или ослабления их мощи. *Результаты.* В первые годы, поскольку Хунну занимали доминирующее положение, династия Хань применяла по отношению к ним политику «брачной дипломатии» и даннических отношений, защищаясь от грабительских набегов путём ежегодных выплат значительных подарков и дани. Однако эта политика не решала проблему кардинально. Поэтому ханьцы сосредоточились на развитии социально-экономической сферы, науки и техники, а также на укреплении военной мощи. Так, примерно через столетие развития и усиления, они изменили свою первоначальную политику в отношении Хунну, перейдя от обороны к наступлению. Посредством длительного противостояния и военных походов империя Хань, опираясь на свои обильные ресурсы, ослабила Хунну и даже разрушила их государственность. Также она расширила сферу своего влияния на запад, вплоть до Центральной Азии. Открыв Шёлковый путь, она усилила своё политическое, экономическое и культурное влияние на страны западного региона. Тем не менее, цивилизация Хунну не исчезла; напротив, созданная ими степная цивилизация воздействовала на этнические процессы в регионе, способствовала формированию новых политических структур и играла активную роль в международных отношениях. Противоречия между династией Хань и Хунну носили характер конфликтов между двумя различными

цивилизациями, или, точнее, между оседлой земледельческой цивилизацией китайцев и кочевой скотоводческой цивилизацией Хунну. Хотя государственность Хунну была разрушена, их степная цивилизация проявила жизнеспособность, став политическим образцом для последующих Тюркского каганата и Западно-тюркского каганата. Она заложила прочную основу для социального развития тюркских народов и формирования их языка и письменности. Кроме того, военная тактика Хунну, кочевые хозяйственные традиции и мировоззрение также оказали глубокое влияние на степные племена. *Заключение.* Взаимные политические отношения и цивилизационное взаимодействие между династией Хань и Хунну оказали значительное влияние на территорию Евразии.

Ключевые слова: Ханьская и Хуннская империи, политические отношения, цивилизационное взаимовлияние, изошрённая политическая дипломатия, геополитические трансформации в Центральной Азии, Шёлковый путь, столкновение цивилизаций

Для цитирования: Мукаматханулы Н., Курбанали Ж. Политические отношения династии хань и хунну и их влияние на цивилизацию кочевников // Asian Journal “Steppe Panorama”. 2026. Т. 13. № 1. С. 169-181. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2026_13_1_169-181

Кіріспе

Хань династиясы (б.з.д.206 – б.з. 220 жж.) – Қытай тарихындағы аса маңызды патшалық. Ал Ғұн империясы (б.з.д. 209 – б.з. 91 ж.) – Азиядағы көшпелерінің ең алғашқы мемлекеттік құрылымы болып табылады. Ғұндар бастапқы кезде Ұлы қорғанның сырт жағынан шығысы Хингань тауларынан тартып, батысы Цилань тауларына дейінгі ұланқайыр аумақты иеленді. «Чжунго (Қытай) қырқысып жатқанда кезде, Моде (Маодун б.з.д. 209 – б.з.д.174) тәңірқұт (шаньюй) күшейіп, 300 мыңнан астам әскер ұстады» (Сыма Цянь, 1997: 731).

Сонымен агралық экономиканы негіз еткен ханьдар мен көшпелі мал шаруашылығын негіз еткен ғұндар қатар өмір сүрген жағдай қалыптасты. Олардың арасында айырбас сауда байланыстары да, әлеуметтік саяси – әскери қатынастар өрістеп, өзара ықпалдастыққа түскенді. Ғұндар тек қытай мемлекетіне саяси және әскери жақтан ғана емес, бүкіл көшпенділер өркениетінің этникалық құрамына, билік құрылымына және халықаралық қатынастар жүйесіне терең әсер етті (Әбдірахманов, 2010: 15; Kim, 2013: 21). Ғұндар қысқа мерзім ішінде билік аумағын кеңейтіп, Қытайдың батысынан тартып Орта Азиядағы елдерге үстемдік еткен маңызды этносаяси күшке айналды. Сонымен Азия жазығында Хань империясы мен Ғұн империясы арасында саяси текетірес жағдай қалыптасты.

Б.з.б. II ғасырдың ортасында Хань династиясы өзінің әлеуметтік экономикасының дамуына қара сүйеіп, ғұндарға жүйелі түрде әскери жорықтар жасап, олардың саяси үстемдігін әлсіретіп, оларды іштен бөлшектей бастады (Сүлейменов, 2004: 8). Бұл жағдай тек ғұндарға ғана емес, жалпы көшпенділер өркениетінің этникалық, саяси және мәдени дамуына да елеулі әсер етті. Ғұндардың әлсіреуі жаңа мемлекеттердің, тайпалық одақтардың және қоныс аудару үдерістерінің белсенділігін тудырды, бұл өз кезегінде өңірдің этносаяси картастарының өзгеруіне ықпал етті (Ақынова, 2016: 10).

Көшпелі және отырықшы өркениеттегі елдер арасындағы өзара байланыстар ежелден жалғасып келе жатқан халықаралық қатынастардың маңызды құрамдас бөлігі болып саналды. Көшпелілер әскери күшімен ерекшеленсе, отырықшы мемлекеттер экономикалық және мәдени техникалық әлеуетімен үстемдікке ие болады.

Ғұндардың тарихы және олардың көшпенді өркениеті көптеген зерттеушілердің назарын аударғанды. Л.Н. Гумилев ғұндардың этногенезін талдап, олардың Еуразия халықтарының қалыптасуындағы рөлін жан-жақты көрсетті (Гумилев, 2000: 27). Джеймс Хауэлл ғұндардың әскери жүйесін, басқару құрылымын және Еуропа мен Азия өркениеттеріне тигізген әсерін зерттеді (Howell, 2018: 70). В.И. Фролов өз еңбектерінде ғұндардың саяси ұйымдасуы, әскери құрылымы және мәдени ықпалы мәселелерін жан-жақты қарастырған (Фролов, 2010: 33). Қытай тарихшысы Линь Гань ғұндардың тарихи жылнамалық деректерін құрастырып шығрумен қатар (Линь Гань, 1984: 319) «Ғұн тарихын» жазды (Линь Гань, 1977: 196). Сонымен қатар, қазақстандық тарихшылар ғұндарды түрік және қазақ тарихымен

байланыстырып зерттеуге ерекше мән беріп келеді (Дәулетхан, 2005: 150). Алайда бұл еңбектердің бәрі де Хань мен Ғұн империяларының өзара саяси ықпалдастығы мен өркениеттік әсерін арнайы зерттемегенді. Сондықтан бұл мақаламызда аталмыш мәселеге алғаш ізденіс жасап отырмыз.

Хань империясы жалпы ғұндарға жұмсақ та, қатты саясатты қоса қолданып отырды. Атап айтқанда: әскери интервенциялар, дипломатиялық келіссөздер және «құдандалық» («heqin») саясаты. Бұл саясаттар Хань және ғұн халықтары арасындағы өзара іс-қимылдың маңызды көрінісі болды және объективті түрде екі халықтың экономикалық алмасуы мен мәдени байланысын ынталандырып, өзара сіңісу жылдамдығын арттырды. Бұл барыста Хань империясының әсері біртіндеп күшейіп, ғұн билігі үнемі әлсіреп, тайпалар оңтүстікке қарай жылжи отырып Ханьға қосыла бастады. Хань әулеті кезеңіндегі ұлттық интеграция жағдайының қалыптасуына ықпал етті. Бұл үрдіс этно-мәдени бірегейліктің өзгеруіне және жаңа мәдени синтездің қалыптасуына жол ашты (Wu, 2017: 32). Жібек жолы арқылы Хань империясы көшпенді өркениеттегі халықтармен сауда-саттықты өрістетіп, оларға саяси ықпалын арттыра түсті.

Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігі – Хань династиясының ғұндарға қолданған саясатының ғұндардың тағдырын өзгертіп қана қоймай, сонымен қатар жалпы көшпенділер өркениетінің тарихи даму беталысына ықпал етуімен анықтаумен сипатталады. Ғұндар ыдырады алайда түркі және басқа да көшпелі халықтардың қалыптасуына алғышарты әзірленіп, Ұлы дала өркениетінің жаңғыруына жол ашты.

Зерттеудің мақсаты – Хань династиясы мен ғұндардың күрделі саяси қатынастарын тарихи тұрғыдан талдау жасау арқылы олардың саяси мәдени ықпалдастығын анықтау. Алға қойған міндеттер:

- Хань патшалығы мен ғұндар арасындағы саяси қатынастардың тарихи өзгерістерінің сипатын анықтау;
- Екі жақтың дипломатиялық, әскери және экономикалық өзара әрекеттестіктердің негізгі кезеңдерін сипаттау;
- Хань империясы мен ғұндар арасындағы қарама-қайшылықтардың өркениеттік факторларын анықтап, олардың мәдени ықпалдастықтарына талдау жасап, өзіндік заңдылықты ашп көрсету.

Материалдар мен зерттеу әдіс-тәсілдері

Хань империясы мен ғұндар арасындағы саяси қарым-қатынастар мен өркениеттік ықпалдастықтарды жан-жақты ашып көрсету үшін қытайдың хронологиялық тарихтарында жазылған түпнұсқа деректерді пайдаландық. Қытайдың әйгілі тарихшылары Сыма Цянь жазған «Shiji – Ши цзи» («Тарихи жазбалар») атты еңбектегі «Ғұндар таруын», «Дауань – Ферғана тарауын», Бан Гудың «Hanshu – Хань шу» («Хань патшалығының тарихы») деп аталатын әйгілі еңбектің «Ғұндар таруын», «Батыс өңір тарауын» түпнұсқасын қолдандық (Сыма Цянь, 1977: 950; Бань Гу, 1997: 1083). Бұл жылнамаларда Хань патшалығы мен көшпенділердің, әсіресе ғұндардың шығу тегінен тартып билік құруы, Хань патшалығымен өзара қарым-қатынастары жөнінде жан-жақты жүйелі жазылған деректер аса маңызды. Онда ғұндардың мемекеттік саяси құрылым жүйесі, билік иерархиясы, әскери әлеуеті мен тактикасы жөнінде хатталған мәліметтер тақырыпты терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында тарихи материалдарға деректану ғылымдарының әдістерін қолданып, деректерді жинап сұрыптау, салыстырмалы талдау жасау, синтездеу, жүйелеу, сондай-ақ пәнаралық интерпретация әдістері қолданылды. Қытай деректерімен қатар, Еуразия даласындағы көшпенділер мәдениетіне қатысты археологиялық жәдігерлер, ғұн дәуіріне тән қару-жарақ кешендері, тұрмыстық салт-дәстүр материалдарын пайдаландық.

Хань және ғұндар тарихы мен өзара байланыстарын зерттеген тарихнамаларды зерттеу еңбектерін – тарихнамаларды да қолдандық, Мысалы Л.Н. Гумилев, В.И. Фролов, Дж. Хауэлл, Линь Гань және қазақстандық ғалымдардың еңбектері қарастырып, сол негізде мәселені терең зерттеуге құлшыныс жасадық.

Тақырыпты зерттеуге тарих зерттеу ғылымының дәстүрі және заманауи тәсілдерін қолдандық. Сонымен қатар ұлтаралық – халықаралық қатынастарды зерттеудің, саяси ғылымдарды зерттеудің әдістерін пайдаландық. Тарихи салыстырмалы әдісті қолдану арқылы хандар мен ғұндардың өзара қатынастарының өзгерістерін анықтадық. Сондай-ақ Еуразия кеңістігіндегі этникалық процестерге, әсіресе үйсін, қаңлы, юэчжи сияқты этнотоптардың өзара байланыстары мен ықпалдастықтары қарастырылды. Ғұндардың Батыс (Сиюй) өңірге, Орталық Азия даласына ығысуы және оның аймақтық этнотоптарға әсеріне салыстырмалы түрде талдаулар жасалды.

Жалпы, тақырыпты зерттеуге панаралық зерттеу әдістерін қолдану арқылы, тарихи саяси оқиғаларды жүйелеп сипаттауға тырыстық. Хань империясы мен ғұндардың саяси қатынастарында қытай мәдениетінің ғұндарға, тіпті жалпы көшпенділер өркениетіне тигізген тарихи әсерін замана өлшемімен бағамдалдық.

Талқылау

Хань династиясы – Цинь әулетінің орына құрылған (б.з.д. 206 ж.) абсолютты феодалдық патшалық. Ол Цинь әулетінің қоғамдық құрылымы мен саяси ұстанымына мұрагерлік етті және оны дамытты. Әсіресе оның Ғұн империясына ұстанған саясатын жалғастырды және оған өзгеріс жасады. Жалпы, қытайлар мен ғұндардың әлеуметтік экономикалық өнімдері бір-біріне зәру дүниелер болғандықтан, олардың арасында барыс-келістертер мен айырбас сауда Ұлы қорғанның сыртқы жағасында жүріп жатты. Сонымен қатар ғұндардың қытайларды талан-таражылуы мен қытайлардың ғұндарға шапқыншылық жасауы да ұдайы болып тұрды. Алайда Хань патшалығының бастапқы жүз жыл шамасында Ғұн империясының әлеуеті олардан басым болғандықтан, Хань патшалығы оларға қатты да жұмсақ тәсілдерді қолданып, ғұндардың шабуылынан сақтану саясатын қолданды. Хань патшалығы ғұндарға ауық-ауық әскери шабуыл жасау; Ұлы қорған қабырғасын ұзартып соғу; ғұндармен құдандалы болып, тәңірқұтқа ханшаларын беріп, тарту-таралғы ұсыну арқылы ғұндардан келетін қауіп-қатерден сақтанудың шаралары еді. «Хань патшалығының бастапқы кезіндегі құдандалы саясаты, Хань патшалығының Орталығы мен ғұндардың жергілікті күштерінің тең болмауы жағдайына байланысты, Хань патшалығы намысына тиседе шарасыздан қолданып, уақытша болсада ғұн құлиелерінің шапқыншылығынан сақтануды көздеген еді (Линь Гань, 1976: 52). Сонымен бірге Хань патшалығы «Қорған базарын» (Guanshi) ашып, екі ел халықтарының айырбас сауда жасауына жол қойды. Тіпті Хань мен ғұндар аға-іні болып, Ұлы қорғанды шекара деп келіседі. «Ұлы қорғанның сыртқы жағы – садақты елдікі болады, олар тәңірқұт әмірінде болады. Ал Ұлы қорғанның ішкі жағы бұрымды бөрік кигендердің үйі болады, оларды патша басқарады» (Сыма Цянь, 1997: 734) - деп келісім жасалады.

Хань империясы мен ғұндардың арасындағы құдандалық саясат негізінде тек бір жақтың талап-тілектерін қанағаттандыру, яғни ғұндардан жасалатын шабуылдар мен талан-таражылықты азайту мақсатында саяси тепе-теңдікке уақытша қол жеткізілді, бірақ ол ғұндардың Ханьға қауіпін толық жоюы мүмкін болмады, Хань империясы сыртқы көріністе бейбіт қатынас орнатқанымен, ішкі жақта мемлекеттің тыныштығын, қоғамдық тәртіпті орнықтырып, экономикасын жаңадыра түсу жолдарын қарастырып, ғұн империясын түбегейлі жоюды күн тәртібіне қойды.

Кейін-келе қытай қоғамының әлеуметтік дамуына байланысты Хань империясы ғұндарға қысым жасау саясатын қолдана бастайды. Соның салдарынан ғұндардың саяси жағдайында зор өзгеріс орындалды.

Хань династиясының әскери және экономикалық әлеуетінің күшеюі тараптар арасындағы күштер тепе-теңдігін өзгертіп, саяси қарама-қайшылықтарды қайта шиленістірді. Brosseder атап өткендей, Хань елінің әскери қуаты артқан сайын ғұндардың аймақтық үстемдігі әлсірей түсті (Brosseder, 2016: 2). Генерал Хо Цюйбин бастаған әскери жорықтар (б.з.д. 122 – б.з.д. 119 ж.) ғұндардың саяси-әскери құрылымына ауыр соққы беріп, олардың ішкі бірлігін әлсіретті. Сонымен Хань династиясының шекаралық аймақтарға ықпалы кеңейе түсті.

Хань империясы Батыс өңірдегі ғұндардың үстемдігін жойып, әскери экспансия жасау және оларды қоршап шабулдау стратегиясын қолданды. Сонымен қатар Орталық Азиядағы Жібек жолы саудасын бақылауға алуды көздеді. Б.з.д. 60 жылы Хань династиясы «Сйюй духу» құрып, аймақтағы үстемдігін сақтайтын және Батыс өңірдегі елдер арасындағы қарым-қатынастарды реттеп отыратын билік құрды. Осылайша Ұлы Жібек жолының негізгі тармақтарына бақылау орнатуға мүмкіндік алды. Бұл жағдайдың екі түрлі ықпалы болды: бір жағынан, халықаралық сауда мен мәдени байланыстардың жандануына ықпал етсе, екінші жағынан, көшпенділер кеңістігінде жаңа бәсекелестік ошақтарының пайда болуына және саяси шиеленістердің күшеюіне жол ашты, Осылайша, Ханьдар мен ғұндардың саяси қарым-қатынастары сапалық өзгерістерге ұшырады (Denis et al., 2020: 390).

Ғұндардың саяси ықпалының әлсіреуі көшпенділер өркениеті кеңістігінде этносаяси трансформацияларға жол ашты. Бұл үдеріс аймақта жаңа көшпелі бірлестіктердің қалыптасуына және саяси билік құрылымдарының қайта ұйымдасуына ықпал етті. Бұл кезеңде көшпелі өркениет жаңа мазмұнмен толығып, этностар арасындағы одақтар мен саяси бірлестіктер күшейе түсті. Сауда, әскери одақтастық және мәдени алмасулар көшпенділер өркениетінің ішкі тұтастығы сақталып, кейінгі түркі мемлекеттерінің қалыптасуына тарихи негіз қаланды.

Хань династиясы мен ғұндар арасындағы күрделі саяси қатынастар мәдени және экономикалық үдерістерге де тікелей әсер етті. Хань династиясының солтүстік шекарасындағы нарықтар соғыс кезеңінде де экономикалық алмасу мен ұлттар арасындағы қарым-қатынасты белсенді түрде дамытып, дала халықтары мен егіншілік халықтары арасындағы байланысты сақтап қалған, бұл бағыттағы ұлттар арасындағы қарым-қатынас Солтүстік-батыс дала Жібек жолы қатынасымен тығыз байланысты болды. Ғұндардың жібек саудасына белсенді қатысқанын дәлелдейтін археологиялық және жазба деректер жетерлік. Ұлы Жібек жолының жандануы Шығыс пен Батыс арасындағы тауар, технология және идеялар алмасуын күшейтті. Бұл кезеңде көркемдік стильдердің, технологиялық жаңалықтар және діни тәжірибелер кең таралды. Сауда қатынастары экономикалық тиімділікпен қатар, мәдени синтездің қалыптасуына да ықпал етті. Бұл үдерістер көшпенділер өркениетінің тарихи дамуын жаңа сапалық деңгейге көтерді (Wang, 2021: 5).

Жалпы, Хань династиясы мен ғұндардың арасындағы саяси қатынастар әскери қақтығыстармен шектелмейді, оның әсері Еуразия кеңістігінде зор тарихи өзгерістердің катализаторына айналды. Біріншіден, бұл қатынастар көшпенділер өркениетінің этносаяси құрылымын қайта қалыптастырды. Екіншіден, Ұлы Жібек жолы арқылы сауда-экономикалық және мәдени интеграцияны күшейтті. Үшіншіден, түркі халықтарының қалыптасуы мен Ұлы дала өркениетінің жаңа тарихи кезеңге өтуіне алғышарт жасады. Осы тұрғыдан алғанда, Хань-ғұн қатынастары аймақтық деңгейден асып, бүкіл Еуразиялық кеңістігіне терең әсер етті деуге болады.

Зерттеу нәтижелері

Ғұндар – Еуразия кеңістігіндегі көшпенділер өркениетінің қалыптасуы мен дамуына негіз қалаған аса ірі тарихи-саяси бірлестіктердің бірі. Олар б.з.д. III ғасырдың соңында Цинь-Хань империясының солтүстігінде билік құрып, қысқа уақыт ішінде қуатты империяға айналды. Ғұндардың күшеюі табиғи-географиялық ортаға бейімделген көшпелі мал шаруашылығына негізделген өмір салтымен, жоғары әскери ұйымдасуымен және дала кеңістігінде жылдам қимылдауға мүмкіндік берген мобильді тактикасымен тығыз байланысты болды. Осы ерекшеліктер ғұндарға Еуразия даласында ұзақ уақыт бойы үстем саяси рөл атқаруға жағдай жасады.

Ғұн мемлекетінің ерте кезеңдегі саяси институционалды қалыптасуы Мөде (б.з.д. 209–174) тәңірқұттың (шаньюй) билігімен тығыз байланысты. Оның тұсында ғұн тайпалары бір орталыққа бағындырылып, басқару жүйесі мен әскери құрылымы едәуір нығайтылды. Мөде тәңірқұт енгізген көшпенділер өркениетіне тән әскери-әкімшілік құрылым өміршеңдік әлеуетін көрсетті. Демек, ғұндар тек көршілес тайпалармен ғана емес, сонымен қатар

отырықшы-аграрлық мемлекет Хань империясымен де саяси және әскери қарым-қатынаста болды. Ғұндардың Хань патшалықтарына жасаған талан-таражылық жорықтары – қытайлардың әлеуметтік экономикалық және техниалық дамуына түрткі болды.

Ғұндар мен қытай арасындағы өзара саяси байланыстар тек әскери қақтығыстардан тұрмайды, ұзақ мерзімді стратегиялық күрестерден де көрініс табады. Ғұндардың Қытайдың солтүстік батыс шеткері аймақтарына талан-таражылық жасып отыруы, Хань империясын Ұлы қорғаннан шығып шабуыл жасауына себеп болды. Сонымен Хань патшалығы батыс солтүстік өңірлерде әскери бекіністер соғу, аймақ және аудан әкімшіліктерін құруып, эмигранттарды қоныстыру арқылы сыртқа қарай ірге кеңейтіп отырды. «Хань патшалығы Цияу патша билігі кезінде, төңіректегі варварларды бағындырды, айбары асқақтады, Чжан Циянь батысқа жолашты. Одан соң ғұндардың оңқанат өңірі шабуылмен талқандалды, Хуние, Сюту князьдар тізе бүкті, олардың жері қаңғырап қалды, Линчжуйдің батысына құрылыс салына бастады, алғаш Цзюцюань аймағы құрылды, содан көп өтпей мэгаранттар қоныстандырылды, одан Увей, Чжание, Дуньхуан бөліп шығарылып төрт аймақ болып құрылып, екі асу-қамалды иелеп жатты» (Бань Гу, 1997: 983). Бұл дерек Хань патшалығының сыртқа қарай экспанция жасап, батыс жақтағы көшпелі елдермен кең көлемде байланыс орнатып, оларды өздеріне баурау саясатын жүргізе бастағанын дәлелдейді.

Хань У-ди император (б.з.д. 141 – б.з.д. 87 жж.) ғұндар билігін ыдырату үшін белсенді әрі жүйелі әскери қимылдар жүргізді. Бұл жағдай ғұндардың саяси құрылымын өзгерістіп, олардың біртұтас саяси бірлігін ыдыратты. Алайда аталған өзгерістер ғұндардың көшпенді өркениетін өзгерте алған жоқ, керісінше, олардың Еуразия кеңістігіндегі этносаяси және мәдени процесстерінің жаңаша жалғасуына мүмкіндік жасады.



1-сурет. Хань патшалығы
[Fig. 1. Han dynasty]

Хань династиясы алғашқы кезеңінде ғұндарға «құдандалы» дипломатиялық саясат қолдану арқылы өзара қарым-қатынастарды бейбіт сақтауға құлшынып, ғұн билеушілеріне жыл сайын қыруар сый-сияпаттар тарту етіп отырды. Бұл саясат біржағынан Хань әулетінің ғұндардан әлсіздеу екенін аңғартты, сондай-ақ көшпелі державамен саяси тепе-теңдік орнатуға тырысқанын көрсетеді. Алайда ғұндардың шекаралық аймақтарға жасаған талан-таражылықтары онымен толық тоқтамады. Бұл жағдай іс жүзінде «құдандалы» саясатың мәселені түбегейлі шешпейтінін байқатты.

Сондықтан Хань императоры У-ди патша «құдандалы» саясатты түбегейлі өзгертті. Ол ғұндардың өктемдігін біржолата жоюды көздеп, орталықтандырылған, жақсы жабдықталған кәсіби әскер жасақтады. Сөйтіп ол Хань династиясының ғұндарға қолданып кележатқан қорғаныс саясатын шабуылдауға өзгертіп, кең ауқымды әрі жүйелі әскери жорықтар жасауға өтті.

Б.з.д. II ғасырдың ортасы мен соңында Хань династиясы ғұндарға қарсы бірқатар ірі әскери операциялар жүргізді. Әсіресе, Вэй Цин мен Хо Цюйбин секілді сардарлар басқарған

жорықтар ғұндардың ішкі аумақтарына дейін жетіп, стратегиялық маңызы бар жеңістерге жетті. Б.з.д. 129–119 жылдар аралығында жүзеге асқан бірнеше ірі әскери шабуыл барысында ғұндардың негізгі әскери күштері үлкен шығынға ұшырады. 119 жылғы жорық кезінде Хо Цюйбин әскерінің ғұндардың қасиетті орталықтарының бірі саналатын Лунчэн маңына дейін жетуі – ғұндардың қуатын әлсіретіп қана қоймай, ішкі саяси тұрақтылығына да үлкен нұқсан жеткізді.

Б.з.д. I ғасырдың ортасына қарай Хань империясының үйсіндермен одақтаса отырып жасаған сұрапыл шабуылы ғұндарды ауыр жеңіліске ұшыратып, іштей бөлшектенуге әкелді (Мұқаметханұлы, 2010: 25). Ғұндар саяси тұрғыдан екі бөлікке бөлінді: Оңтүстік ғұндар Хань династиясын мойындап, вассалдық тәуелділікті қабылдады; Солтүстік ғұндар өз тәуелсіздігін сақтау үшін батысқа қарай ығысты. Бұл бөлініс ғұндардың біртұтас саяси құрылымының ыдырағанын айқын көрсетті. Ә. Дәулетхан «біздің заманымыздың 46 жылынан бастап Оңтүстік және Солтүстік Ғұн мемлекеті болып бөлінді де, Оңтүстік ғұндар ақыры қытайланып, жоқ болды. Ал Солтүстік ғұндар алдымен Қазақстан, Орталық Азия жеріне, одан біртіндеп Батысқа, Еуропаға дейін жылжып қоныс аударды», - деп пайымдайды (Дәулетхан, 2005: 41).

Шығыс Хань патшалығының императоры Ван Ман билігі тұсында Сиюйдегі (Батыс өңірдегі) елдер Хань патшалығымен қарым-қатынасын үзді. Алайда Мин-ди император (б.з. 58–75 жж.) Батыс өңірге қайта аяқ басты. Ол солтүстіктегі ғұндарды бағындырып, И-уды (Құмылды) иеленіп, Ихэдуху мекемесін құрып тың игерді, Батыс өңірмен байланыс жасады. Юйтянь қатарлы елдер балаларын кепілге жіберді. Батыс өңір үзіп кеткен байланысын 65 жылдан кейін қайта жалғады (Фан Е, 1997: 752).

Б.з. I ғасырда Солтүстік ғұндардың елеулі бөлігі Жетісу, Тянь-Шань, Сырдария өңірлеріне қоныс аударып, жергілікті үйсін, қаңлы, юэчжи және басқа да тайпалық одақтарға қосылды. Бұл үдеріс Орта Азиядағы этникалық және саяси ахуалдың өзгеруіне, жаңа этникалық бірлестіктер мен билік құрылымдарының қалыптасуына ықпал етті. Ғұндардың көшпелі мемлекеттік дәстүрі мен әскери тәжірибесі өңірдегі саяси мәдениеттің дамуына серпін берді.

Ғұндардың тарихи рөлі олардың саяси үстемдігімен ғана шектелмей, көшпенділер өркениетінің дамуына қосқан үлесімен айқындалады. Ғұндардың әскери ұйымдасу жүйесі, әкімшілік басқару аймақтары мен әлеуметтік құрылымы кейінгі түрік және түрік-монғол халықтарының мемлекет құруына негіз болды.

Ғұндардың батысқа қарай жаппай қоныс аударуы Еуразия тарихындағы аса маңызды этносаяси және геостратегиялық өзгерістерге жол ашты. Бұл қозғалыс тек көші-қон үдерісі емес, көшпенділер өркениетінің жаңа тарихи кеңістіктерге таралуының көрінісі болып табылады. Хань династиясының әскери-саяси қысымы ғұндарды қазіргі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Түрікменстан аумақтарына қарай ығыстырды.

Ғұн мемлекетінің әлсіреуіне бірнеше фактор әсер етті. Біріншіден, ішкі саяси тұрақсыздық пен билік үшін күрес орталық биліктің әлсіреуіне әкелді. Екіншіден, Хань династиясының ұзаққа созылған соғысы ғұндардың әскери-экономикалық ресурстарын сарқып, саяси дағдарыс тудырды. Алайда ғұндардың тарихи ықпалы көшпенділер өркениетінің трансформациялануына негіз болды.

Хань династиясы мен ғұндар арасындағы саяси қарым-қатынастарды тек әскери қарсыластық ретінде емес, көшпелі және отырықшы өркениеттер арасындағы күрделі әлеуметтік және мәдени өзара ықпалдастықтың көрінісі ретінде бейнеленді. Бұл қатынастар Еуразия кеңістігінің тарихи даму бағытын айқындаған маңызды факторлардың бірі болды.

Хань империясының жасаған үздіксіз әскери қысымы мен ішкі саяси дағдарыстардың асқынуының салдарынан ғұндар батысқа, яғни қазіргі Орта Азия аумағына қарай ығысуға мәжбүр болды. Бұл үдеріс жай ғана босқындық көші-қон емес, керісінше, өзімен бірге қалыптасқан этникалық құрылымын, мемлекеттік басқару тәжірибесін, әскери дәстүрлері мен мәдени құндылықтарын ала келген қуатты көшпелі қауымның жаңа тарихи кеңістікке қоныс

аударуы болды. Сондықтан ғұндардың батысқа қарай жылжуын кең ауқымды этносаияси және өркениеттік трансформацияның бастауы ретінде қарастырған жөн.

Ғұндардың Орта Азияға келуі өңірдің этникалық келбетін жаңғыртты. Олар үйсін, юэчжи, қаңлы секілді ежелгі тайпалық одақтармен өзара ықпалдасып, этникалық араласу үдерісін жеделдетті. Нәтижесінде бұл аймақта кейінгі түркі халықтарының этногенезіне негіз болған жаңа этникалық бірлестіктер қалыптасты. Түркі тектес ғұн топтарының жергілікті тайпалармен сіңісуі Орта Азияның біртіндеп түркілік тілдік, мәдени және саяси кеңістікке айналуына шешуші ықпал жасады.

Ғұндардың мемлекеттік-саяси ұйымы да аймақтағы кейінгі көшпелі бірлестіктер үшін маңызды модель болды. Ғұндардың тәңірқұт (шаньюй) елбасы болған иерархиялық билік жүйесі, тайпалық-конфедеративтік құрылым және әскери-әкімшілік басқару тәжірибесі Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағандығы, Қарлұқ мемлекеті мен Қыпшақ хандығы секілді саяси құрылымдардың қалыптасуына тікелей әсер етті.

Әскери салада ғұндардың тәжірибесі Орта Азия халықтарының соғыс өнерінің дамуына ерекше ықпал жасады. Ғұндар атты әскерді тиімді пайдаланудың, жоғары маневрлік пен жедел қимылға негізделген тактикалық шеберліктері үлгі болды. Садақ ату техникасы, тосын шабуылдар, жалған шегіну әдістері мен шағын мобильді жасақтарды қолдану тәсілдері кейінгі ғасырларда кеңінен қолданысқа еніп, Еуразиядағы көшпелі әскери мәдениеттің негізгі элементтеріне айналды.

Сонымен қатар, ғұндар Орта Азияға бай мәдени мұра алып келді. Олардың аң стиліне негізделген көркемдік дәстүрі, киім үлгілері, қару-жарақ кешендері мен тұрмыстық бұйымдары өңірдегі көшпелі халықтардың материалдық мәдениетінде кең таралды. Темір өңдеу технологиясының дамуы, киіз үй мәдениетінің жетілуі, мал шаруашылығының көшпелі түрлерінің орнығуы ғұн ықпалымен жаңа деңгейге көтерілді. Археологиялық деректерден анықталған ғұндық сипаттағы артефактілер бұл мәдени ықпалдың кең ауқымын дәлелдейді.

Ғұндардың батысқа қарай қозғалысы Орта Азияны халықаралық қатынастардың маңызды торабына айналдырды. Өңір Ұлы Жібек жолының негізгі бағыттарының біріне айналып, Шығыс пен Батыс арасындағы сауда, мәдениет және идеялар алмасуының орталығы қызметін атқарды. Сонымен бірге, ғұндардың үздіксіз батысқа жылжуы Еуропаға дейін жеткен Ұлы қоныс аудару дәуірінің басталуына түрткі болды. Бұл үдерістің бастауы Орта Азиядан өрбіп, бүкіл Еуразия кеңістігін қамтыған ауқымды тарихи қозғалысқа ұласты.

Б.з. I ғасырында Солтүстік ғұндардың Моңғолия, Алтай және Жетісу арқылы Орта Азияға қоныс аударуы өңірдегі этникалық құрам мен геосаяси жағдайды айтарлықтай өзгертті. Ғұндардың жергілікті юэчжилер, үйсіндер мен қаңлылармен араласуы нәтижесінде жаңа тайпалық одақтар мен мемлекеттік құрылымдар қалыптасты. Олардың қатарында Қаңлы мемлекеті, Үйсін мемлекеті және кейінгі түрік бірлестіктері маңызды рөл атқарды. Бұл мемлекеттердің кейбірі Хань династиясымен дипломатиялық және сауда байланыстарын дамытып, халықаралық қатынастар жүйесіне тартылды.

Ғұндар әлсірегеннен кейін Хань династиясы Ұлы Жібек жолының бірқатар маңызды бөліктерін бақылауға алып, Орта Азиядағы геосаяси ахуалды өз мүддесіне пайдаланды. Бұл жағдай өңірдегі сауданың жандануына, қытай жібегі, металл бұйымдары, қағаз және технологиялық жаңалықтардың таралуына мүмкіндік берді. Орта Азия арқылы Қытай мен Иран, сондай-ақ Рим империясы арасындағы байланыстар күшейіп, аймақ халықаралық сауда мен мәдени алмасудың тоғысқан өңірі болды.

Қытайдан Орта Азияға жібек жөнелтілді, металл қорыту, жер өңдеу құралдары мен қағаз жасау технологиялары таралды. Мұның нәтижесінде Орта Азияда қалалар мен колонер орталықтарының дамуы жеделдеп, отырықшы және көшпелі өркениеттер арасындағы өзара ықпалдастық тереңдей түсті.

Хань династиясының ғұндарға қолданған саясаты тек бір көшпелі бірлестіктің әлсіреуімен шектелмеді, бүкіл Еуразия кеңістігіндегі тарихи үдерістердің жеделдеуіне ықпал етті. Орта Азия Шығыс пен Батысты жалғайтын стратегиялық көпір ретіндегі рөлін күшейтіп, кейінгі түрік және моңғол дәуірлеріне жалғасты. Демек, ғұндардың Орта Азияға қоныс

аударуы – аймақтық қана емес, жаһандық деңгейдегі тарихи өзгерістердің негізгі катализаторларының бірі болды.

Қорытынды

Хань империясы мен Ғұн империясы арасындағы саяси қатынастар олар алғаш билік құрған б.з.д. III ғасырдың соңынан басталып, б.з. I ғасырдың соңына дейін табан үш ғасыр жалғасты. Олардың арасындағы саяси қатынастар мен ықпалдастықтар ұдайы өзгерістер динамикада болды. Өзара қатынастарының сипаты олардың әлеуетінің өзгерістеріне байланысты өзгеріп отырды. Алғашқы кезеңде ғұндар өктем болғандықтан Хань патшалығы олармен саяси-дипломатиялық «құдандалы» қатынас орнатып, мол тарту-таралғы ұсыну арқылы олардан келетін талан-таражылықты азайтып, өздерін әлеуметтік-экономикалық дамытуға мүмкіндік жасауды көздеді. Алайда ғұндар қытайлардың аграрлық өнімдері мен қолөнер бұйымдарына зару болғандықтан оларды берсе қолынан, бермесе жолыннан алып отырды. Алайда Хань патшалығы экономикалық, технологиялық жақтан айтарлықтай дамып нығайған соң, Ғұн империясын түбегейлі жойып, халықаралық саудаға жол ашу үшін ғұндарға әскери шабуыл жасау стратегиясын қабылдады. Сонымен б.з.д. II ғасырдың соңғы жартысынан бастап, жүйелі түрде әскери шабуыл жасау үшін Батыс өңірге (Сиюй) қарай ірге кеңейтіп, ондағы ғұн үстемдігін әлсіретіп, Орта Азия кеңістігіндегі этнотоптармен қарым-қатынас орнатты және оларға саяси ықпал жасады.

Хань империясының Орталық Азияға ықпал жасауы ежелгі үйсін, қаңлы, юэчжи және басқа да тайпалардың қайта ұйымдасуына ықпал етті. Аймақтағы бұл үдеріс барысында жаңа этносаяси бірлестіктер қалыптасып, кейінгі түркі халықтарының этногенезінің негізі қаланды. Нақтылап айтқанда ғұндардың көшпелі өркениеті кейінгі Түрік қағанатына берік негіз болды. Сөйтіп далалық өркениет тарихи түрде сабақтасып жатты. Сондықтан түркілік тіл-жазудың, мәдениеттің, тіпті дүниетанмының қалыптасуы тез болғанды.

Ғұндардың мемлекеттік-саяси тәжірибесі де Орта Азиядағы көшпелі өркениеттің дамуына айрықша әсер етті. Тәңірқұт басқарған орталықтанған билік жүйесі, тайпалық-конфедерациялық құрылым және үштік әскери-әкімшілік аймақ үлгілері кейінгі Түрік қағанаты, Батыс Түрік қағанатына, тіпті Қазақ хандығына үлгі болғаны тарихи ақиқат. Бұл тәжірибе көшпелі қоғамдарда саяси біртұтастықты сақтауға, кең аумақтарды тиімді басқаруға және әскери-саяси бірлестіктердің жауынгерлік қуатын сақтауға белсенді рөл атқарды.

Әскери салада ғұндардың мұрасы ерекше маңызға ие болды. Олардың атты әскерге негізделген соғыс жүргізу тәсілдері, жоғары маневрлікке сүйенген тактикалары мен жауынгерлік ұйымшылдығы Орта Азиядағы әскери мәдениетті жаңа деңгейге көтерді. Бұл дәстүрлер кейінгі ғасырларда түркі және моңғол халықтарының әскери өнерінің дамуына негіз қалады.

Мәдени тұрғыдан алғанда, ғұндар Орта Азиядағы көшпелі өркениеттің материалдық және рухани дамуына негіз қалады. Аң стиліндегі өнер, көшпелі тұрмысқа бейімделген шаруашылық жүйесі, темір өңдеу технологиялары мен киіз үй мәдениеті өңір халықтарының күнделікті өмірі мен дүниетанмына терең сінді. Бұл мәдени элементтер кейінгі түркі дәуірінде дамытылып, Ұлы Дала өркениетінің өзіндік ерекшеліктерін айқындады.

Ғұндар үстемдік еткен аймақтан Ұлы Жібек жолының қалыптасуы мен жандануы, өңірді Шығыс пен Батысты байланыстыратын басты геосаяси және экономикалық көпірге айналдырды. Хань династиясының батыс өңірлерге бағытталған саясаты Орта Азиядағы сауда, дипломатиялық және мәдени байланыстардың кеңеюіне ықпал етіп, аймақты Еуразия өркениеттерінің тоғысқан кеңістігіне айналдырды.

Қорытып айтқанда, Хань династиясы мен ғұндардың саяси қатынастары мен мәдени ықпалдастығы жалпы Еуразия кеңістіне терең ықпал жасады. Хань мен ғұндардың саяси қатынасы – іс жүзінде өркениеттік қарама-қарсылық болды. Анықтап айтқанда аграрлық өркениет пен көшпенді өркениеттердің ұзаққа созылған күресінде, алғашқы қалпын сақтаған, көп дамымаған көшпенді өркениет дамыған аграрлық өркениеттен жеңілді деуге болады. Алайда көшпелі өркениет өзінің өндіріс формасының негізінде жалғасты, дамыды, Еуразия кеңістігіндегі этносаяси, мәдени үдерістердің жалғасуына тарихи негіз қалады деп санаймыз.

References

- Abdirakhmanov, 2010 — *Abdirakhmanov A.* Ğündar tarihy men mädenieti [The History and Culture of the Huns]. Astana: Elorda, 2010. (In Kaz.).
- Akynova, 2016 — *Akynova A.P.* Vizantia imperiasy jäne ğündar (IV–V ğğ.) [The Byzantine Empire and the Huns (IV–V cc.)] // *Electrondy gylymi jurnal «edu.e-history.kz»*. 2016. No. 2. Pp. 8–12. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4732271> (In Kaz.).
- Ban Gu, 1997a — *Ban Gu.* Hān shū (Hanshu – Han patšalyğynyñ tarihy) [Book of Han]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 2. 1083 p. (In Chin.).
- Ban Gu, 1997b — *Ban Gu.* Hān shū (Hanshu – Han patšalyğynyñ tarihy) [Book of Han]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 2. p. 983. (In Chin.).
- Brosseder, 2016 — *Brosseder U.* Xiongnu empire // *The Encyclopedia of Empire*. Wiley, 2016. Pp. 1–6. <https://doi.org/10.1002/9781118455074.wbeoe149>
- Dauletkhan, 2005a — *Dauletkhan A.* Hün–türk – qazaq tarihyñ zertteu mäseleleri [Issues in the Study of Hun–Turk – Kazakh History]. Almaty: KazAqbarat, 2005. 150 p. (In Kaz.).
- Dauletkhan, 2005b — *Dauletkhan A.* Hün–türk – qazaq tarihyñ zertteu mäseleleri [Issues in the Study of Hun–Turk – Kazakh History]. Almaty: KazAqbarat, 2005. p. 41. (In Kaz.).
- Denis, Loewe, 2020 — *Denis T., Loewe M.* The Cambridge History of China. Volume 1: The Ch’in and Han Empires 221 B.C. – A.D. 220. Chinese translation. Beijing: Zhongguo shehuikexue chubanshe, 2020. 390 p. (In Chin.).
- Fan E, 1997 — *Fan E.* Hou han shu (Hou Han shu – Artqy Hān patšalyğynyñ tarihy) [Book of the Later Han]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 3. p. 752. (In Chin.).
- Frolov, 2010 — *Frolov V.I.* Guny: İstoria, kültura, politika [The Huns: History, Culture, Politics]. Moscow: Nauka, 2010. 584 p. (In Russ.).
- Gumilev, 2000 — *Gumilev L.N.* Hunnu [Xiongnu]. Moscow: Vostochnaya Literatura, 2000. 448 p. (In Russ.).
- Howell, 2018 — *Howell J.* The Influence of the Huns on European and Asian Civilizations: A Comparative Study // *International Journal of Historical Studies*. 2018. 29(4). Pp. 68–89.
- Kim, 2013 — *Kim H.J.* The Huns in Central Asia // *The Huns, Rome and the Birth of Europe*. Cambridge University Press, 2013. Pp. 17–42. <https://doi.org/10.1017/CBO9781139087727.003>
- Lin Gan, 1976 — *Lin Gān.* Ğündar tarihy jyl (Xiongnu shi) [Xiongnu History]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1976. 54 p. (In Chin.).
- Lin Gan, 1977 — *Lin Gān.* Ğün tarihy (Xiongnu shi) [Xiongnu History]. Hohhot: Inner Mongolia People's Publishing House, 1977. Pp. 189–196. (In Chin.).
- Lin Gan, 1984 — *Lin Gān.* Ğündardyñ tarihi jylnamalary [Chronology of Xiongnu History]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1984. 319 p. (In Chin.).
- Mukhametkhanuly, 2010 — *Mukhametkhanuly N.* Qazaq tarihyñ özeñti mäseleleri [Current Issues of Kazakh History]. Pavlodar, 2010. 175 p. (In Kaz.).
- Sima Qian, 1997a — *Sima Qian.* Shiszi (Shiji – Tarihi zhazbalar) [Records of the Grand Historian]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 1. 731 p. (In Chin.).
- Sima Qian, 1997b — *Sima Qian.* Shiszi (Shiji – Tarihi zhazbalar) [Records of the Grand Historian]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 1. 950 p. (In Chin.).
- Sima Qian, 1997c — *Sima Qian.* Shiszi (Shiji – Tarihi zhazbalar) [Records of the Grand Historian]. Beijing: Zhonghua Book Company, 1997. Vol. 1. 734 p. (In Chin.).
- Suleimenov, 2004 — *Suleimenov O.* Üly Dala örkenieti [The Civilization of the Great Steppe]. Almaty: Zhazushy, 2004. (In Kaz.).
- Wang, 2021 — *Wang Zijin.* Sin–Hān kezeñindeği ŧet eldermen qatynastar tarihyñ zertteuge 40 jyl [Forty Years of Research on the History of Foreign Relations during the Qin and Han Periods] // *Guizhou Social Sciences*. 2021. No. 6. Pp. 85–97. DOI: 10.13713/j.cnki.cssci (In Chin.).
- Wu, 2017 — *Wu Hai Ping.* Batys Hān men ğün imperialarynyñ arasyndağy qatynastardyñ özgeru sebepteri men äserleri [The Reasons and Influences of the Evolution of the Relationship Between the Western Han Dynasty and the Huns]: Master's Thesis. Bohai University, 2017. 54 p. (In Chin.).

Әдебиеттер тізімі

- Ақынова, 2016 — *Ақынова А.П.* Византия империясы және ғұндар (IV–V ғғ.) // *Электронды ғылыми журнал «edu.e-history.kz»*. 2016. № 2. 8–12 бб. <https://doi.org/10.5281/zenodo.4732271>
- Әбдірахманов, 2010 — Әбдірахманов Ә. Ғұндар тарихы мен мәдениеті. Астана: Елорда, 2010.
- Бань Гу, 1997а — *Бань Гу.* Хань шу (Hanshu – Хан патшалығының тарихы). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 2 Т. 1083 б. (班固.《汉书》.北京: 中华书局, 1997年, 第2卷, 第1083页).
- Бань Гу, 1997б — *Бань Гу.* Хань шу (Hanshu – Хан патшалығының тарихы). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 2 Т. 983 б. (班固.《汉书》.北京: 中华书局, 1997年, 第2卷, 第983页).
- Бросседер, 2016 — *Бросседер У.* Ғұн империясы // *Империя энциклопедиясы*. Wiley, 2016. 1–6 бб. <https://doi.org/10.1002/9781118455074.wbeoe149>

- Ван, 2021 — *Ван Зыжсинь*. Цинь–Хань кезеңіндегі шет елдермен қатынастар тарихын зерттеуге 40 жыл // Гуйчжоу әлеуметтік ғылымдары. 2021. № 06. 85–97 бб. DOI: 10.13713/j.cnki.cssci.2021.06.011
- Гумилев, 2000 — *Гумилев Л.Н.* Хунну. Москва: Восточная литература, 2000. 448 б.
- Дәулетхан, 2005 — *Дәулетхан Ә.* Хүн-түрік – қазақ тарихын зерттеу мәселелері. Алматы: ҚазАқпарат, 2005. 150 б.
- Денис, Лоуи, 2020 — *Денис Т., Лоуи М.* Кембридж Қытай тарихы. 1-том. Цинь мен Хань империялары (б.з.д. 221 – б.з. 220). Beijing: Zhongguo shehuikexue chubanshe, 2020. 390 p. (剑桥中国秦汉史. 崔瑞得, 鲁惟一/编).
- Ким Хён Джин, 2013 — *Ким Х.Дж.* Орта Азиядағы ғұндары // Ғұндар, Рим және Еуропаның туы. Кембридж университеті баспасы, 2013. 17–42 бб. <https://doi.org/10.1017/SBO9781139087727.003>
- Линь Гань, 1976 — *Линь Гань*. Ғұндар тарихы (Xiongnu shi). Beijing: Zhonghua shuju, 1976. 54 б. (林幹. 《匈奴史》.北京: 中华书局, 1976年, 第54页).
- Линь Гань, 1977 — *Линь Гань*. Ғұн тарихы (Xiongnu shi). Huhehaote: Nei menggu renmen chubanshe, 1977. 196 б. (林幹. 《匈奴史》.呼和浩特: 内蒙古人民出版社, 1977年, 第196页).
- Линь Гань, 1984 — *Линь Гань*. Ғұндардың тарихи жылнамалары (Xiongnu lishi nianbiao). Beijing: Zhonghua shuju, 1984. 319 б. (林幹. 《匈奴历史年表》.北京: 中华书局, 1984年, 第319页).
- Мұқаметханұлы, 2010 — *Мұқаметханұлы Н.* Қазақ тарихының өзекті мәселелері. Павлодар, 2010. 175 б.
- Сүлейменов, 2004 — *Сүлейменов О.* Ұлы Дала өркениеті. Алматы: Жазушы, 2004.
- Сыма Цянь, 1997a — *Сыма Цянь*. *Шицзи* (Shiji – Тарихи жазбалар). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 1 т. 731 б. (司马迁. 《史记》.北京: 中华书局, 1997年, 第1卷, 第731页).
- Сыма Цянь, 1997b — *Сыма Цянь*. *Шицзи* (Shiji – Тарихи жазбалар). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 1 т. 950 б. (司马迁. 《史记》.北京: 中华书局, 1997年, 第1卷, 第950页).
- Сыма Цянь, 1997c — *Сыма Цянь*. *Шицзи* (Shiji – Тарихи жазбалар). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 1 т. 734 б. (司马迁. 《史记》.北京: 中华书局, 1997年, 第1卷, 第734页).
- У, 2017 — *У Хай Пин*. Батыс Хань мен ғұн империяларының арасындағы қатынастардың өзгеру себептері мен әсерлері: магистрлік диссертация. Бохай университеті, 2017. (吴海龙. 西汉与匈奴关系演变的原因及影响. 渤海大学, 2017).
- Фан Е, 1997 — *Фан Е*. Хоу хан шу (Hou Han shu – Артқы Хань патшалығының тарихы). Beijing: Zhong hua shu ju, 1997. 3 т. 752 б. (范晔. 《后汉书》.北京: 中华书局, 1997年, 第3卷, 第752页).
- Фролов, 2010 — *Фролов В.И.* Гунны: История, культура, политика. Москва: Наука, 2010. 584 б.
- Хауэлл, 2018 — *Хауэлл Дж.* Ғұндардың Еуропа және Азия өркениеттеріне әсері: Салыстырмалы зерттеу // Халықаралық тарихи зерттеулер журналы. 2018. 29(4). 68–89 бб.

CONTENTS

HISTORIOGRAPHY AND SOURCE STUDIES

Abdimomynov N.T., Ospanova A.O., Djumashev A. FROM IDEOLOGY TO EMPIRICAL SYNTHESIS: THE EVOLUTION OF THE SOVIET RUSSIAN HISTORIOGRAPHY ON THE POLITICAL ECONOMY OF THE GOLDEN HORDE)	7
Kalfa M., Kozhakhan Zh., Beysegulova A. THE HISTORY OF RESEARCH ON THE LEATHER-PROCESSING CRAFT OF THE KAZAKH PEOPLE.....	23
Temirkhanov B., Mutaliyev M., Karakulak M. THE IMAGE OF KHOJA AHMET YASSAWI IN THE “KAZAKH” NEWSPAPER.....	36

HISTORY

Aldazhumanov K.S., Sandybayeva D.M., Abuov N.A. KAZAKHSTANIS IN CAPTIVITY, THE PARTISAN MOVEMENT, AND THE EUROPEAN RESISTANCE.....	46
Barin E., Satayeva B. THE CONSTRUCTIVE ROLE OF CULTURE AND LANGUAGE IN HISTORICAL DISCOURSE.....	62
Bulanov E., Tumabayev T., Safarov R. THE BASMACHI MOVEMENT IN CENTRAL ASIA: HISTORICAL ORIGINS AND REGIONAL PECULIARITIES.....	79
Zholdassuly T., Madelkhanova M. THE “KOSHCHI” UNION AND ITS ACTIVITIES IN THE KYZYLORDA REGION: A STUDY BASED ON ARCHIVAL MATERIALS (1920–1929).....	95
Kasymbekova M.A., Vecihi S.F.H. SOCIAL PREREQUISITES FOR THE EMERGENCE AND DEVELOPMENT OF SUFI ORDERS IN CENTRAL ASIA.....	111
Kokebayeva G.K., Bissembaiuly M. FORCED MIGRATION AND ETHNIC POLICY IN WESTERN BELARUS AND WESTERN UKRAINE IN THE 1940s.....	125
Kuanbay O.B., Apendiyev T.A., Ushkurbayeva A.E. DEMOGRAPHIC DYNAMICS OF TAJIKISTAN: FERTILITY, MORTALITY, TRENDS AND FORECASTS (1990–2023).....	139
Malikova S.Z., Tashagil A., Issakayeva A.M. AUL BAIS: THE POLICY OF CONFISCATION AND DEPORTATION CONDUCTED IN THE BULAEV DISTRICT.....	155
Muhametkhanuli N., Kurbanali Zh. POLITICAL RELATIONS BETWEEN THE HAN DYNASTY AND THE XIONGNU AND THEIR INFLUENCE ON NOMADIC CIVILIZATION.....	169
Mukhatova O.Kh., Seffat D. KAZAKH – RUSSIAN DIPLOMATIC RELATIONS OF THE LATE 17TH – EARLY 18TH CENTURIES	182
Myrzabekova R., Zhakupova G., Rakhmonkulova Z. FORCED LABOR SYSTEM IN THE TERRITORY OF THE KAZAKH SSR ON THE EXAMPLE OF JAPANESE PRISONERS OF WAR (1946–1956).....	195
Nurpeissova E., Baydaly R., Abil Ye. SOCIO-POLITICAL ACTIVITY OF ELDES OMAROV DURING THE YEARS OF CIVIL CONFRONTATION (1917–1919).....	211
Sarsembayeva G.A., Zhailaubayeva A.N., Ualtayeva A. SOCIO-DEMOGRAPHIC PROCESSES IN THE CITIES OF EAST KAZAKHSTAN IN THE 90s OF THE XXth CENTURY (BASED ON THE EXAMPLE OF UST-KAMENOGORSK AND SEMIPALATINSK).....	225
Sissenbayeva A., Kalybekova M.Ch., Abuov N.A. KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN NAZI CONCENTRATION CAMPS DURING THE SECOND WORLD WAR: POSSIBILITIES FOR RECONSTRUCTING INDIVIDUAL FATES ON THE BASIS OF ARCHIVAL CARD FILES.....	241
Teleuova E.T., Zhumadil A.K. THE FORMATION PATTERNS OF A HYBRID LEGAL MODEL IN THE 19TH CENTURY KAZAKH STEPPE.....	256

ETHNOLOGY/ANTHROPOLOGY

Assylbekova N., Kistaubayeva A., Dospanov O. KAZAKH ETHNOGRAPHIC COLLECTIONS OF THE KUNSTKAMERA: A MUSEOLOGICAL ANALYSIS.....	270
Musabayev K., Sizdikov B., Maldybek A. THE LOCALIZATION OF THE MEDIEVAL CITY OF SURI: BASED ON WRITTEN AND ARCHAEOLOGICAL SOURCES.....	282

МАЗМҰНЫ

ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ДОГМАЛАРДАН ЭМПИРИКАЛЫҚ СИНТЕЗГЕ: АЛТЫН ОРДАНЫҢ САЯСИ ЭКОНОМИЯСЫН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ТАРИХНАМАНЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ.....	7
Калфа М., Қожахан Ж., Бейсеғұлова А. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТЕРІ ӨНДЕУ КӘСІБІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ БЕЙНЕСІНІҢ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕГІ КӨРІНІСІ.....	36

ТАРИХ

Алдажұманов Қ.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. ТҮТҚЫНҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР, ПАРТИЗАН ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ЕУРОПАЛЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ҚОЗҒАЛЫСЫ.....	46
Барын Е., Сатаева Б. ТАРИХИ ДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИЕТ ПЕН ТІЛДІҢ КОНСТРУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІ.....	62
Бұланов Е.О., Тұмабаев Т.С., Сафаров Р.И. ОРТА АЗИЯДАҒЫ БАСМАШЫЛАР ҚОЗҒАЛЫСЫ: ТАРИХИ БАСТАУЛАРЫ МЕН АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	79
Жолдасұлы Т., Маделханова М. «ҚОСШЫ» ОДАҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ӨҢІРІНДЕГІ ҚЫЗМЕТІ: АРХИВТІК МАТЕРИАЛДАР БОЙЫНША ЗЕРТТЕУ (1920–1929 жж.).....	95
Касымбекова М.Ә., Вежихи С.Ф.Х. ОРТАЛЫҚ АЗИЯДА СОПЫЛЫҚ ТАРИҚАТТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЛҒЫШАРТТАРЫ.....	111
Көкебаева Г.К., Бисембайұлы М. 1940 ЖЫЛДАРДАҒЫ БАТЫС БЕЛАРУСЬ ПЕН БАТЫС УКРАИНАДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ САЯСАТ.....	125
Қуанбай О.Б., Әпендиев Т.Ә., Ушқурбаева А.Е. ТӘЖІКСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДИНАМИКАСЫ: ТУЫЛУ МЕН ӨЛІМ-ЖІТІМ КӨРСЕТКІШІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР (1990–2023).....	139
Маликова С.З., Ташағыл А., Исакаева А.М. АУЫЛ БАЙЛАРЫ: БУЛАЕВ АУДАНЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН ТӘРКІЛЕУ ЖӘНЕ ЖЕР АУДАРУ САЯСАТЫ.....	155
Мұқаметханұлы Н., Құрбанәлі Ж. ХАНЬ ДИНАСТИЯСЫ МЕН ҒҰНДАРДЫҢ САЯСИ ҚАТЫНАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР ӨРКЕНИЕТІНЕ ЫҚПАЛЫ.....	169
Мұхатова О.Х., Сеффат Д. XVII Ғ. СОҢЫ – XVIII Ғ. БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ.....	182
Мырзабекова Р., Жақупова Г., Байхоразова З. ҚАЗАҚ КСР ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ МӘЖБҮРЛІ ЕҢБЕК ЖҮЙЕСІ ЖАПОН СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫ МЫСАЛЫНДА (1946–1956).....	195
Нурпеисова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Әбіл Е.А. ЕЛДЕС ОМАРОВТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ҚАРСЫЛАСУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚЫЗМЕТІ (1917–1919 жж.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. XX ҒАСЫРДЫҢ 90–Ы ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ҚАЛАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК–ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР (ӨСКЕМЕН МЕН СЕМЕЙ МЫСАЛЫНДА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОНЦЛАГЕРЬЛЕРДЕГІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘСКЕРИ ТҮТҚЫНДАР: АРХИВТІК КАРТОТЕКАЛАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ТАҒДЫРЛАРЫН ҚАЙТА ҚАРАУ МҮМКІНДІКТЕРІ.....	241
Телеуова Э.Т., Жұмаділ А.Қ. XIX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ГИБРИДТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҮЛГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КУНСТКАМЕРАДАҒЫ ҚАЗАҚ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫ: МУЗЕЙТАНУЛЫҚ ТАЛДАУ.....	270
Мұсабаев Қ., Сиздиқов Б., Малдыбек А. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СУРИ ҚАЛАСЫНЫҢ ЛОКАЛИЗАЦИЯСЫ: ЖАЗБА ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ.....	282

СОДЕРЖАНИЕ ИСТОРИОГРАФИЯ И ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ

Абдимомынов Н.Т., Оспанова А.А., Жумашев А.М. «ОТ ИДЕОЛОГИЧЕСКИХ ДОГМ К ЭМПИРИЧЕСКОМУ СИНТЕЗУ: ЭВОЛЮЦИЯ СОВЕТСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ПОЛИТЭКОНОМИИ ЗОЛОТОЙ ОРДЫ».....	7
Калфа М., Кожахан Ж., Бейсегулова А. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ КОЖЕВЕННОГО ремесла КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	23
Темирханов Б., Муталиев М., Каракулак М. ОБРАЗ ХОДЖИ АХМЕДА ЯСАВИ В ГАЗЕТЕ «КАЗАХ».....	36

ИСТОРИЯ

Алдажуманов К.С., Сандыбаева Д.М., Абуов Н.А. КАЗАХСТАНЦЫ В ПЛЕНУ, ПАРТИЗАНСКОМ ДВИЖЕНИИ И ЕВРОПЕЙСКОМ СОПРОТИВЛЕНИИ.....	46
Барын Е., Сагаева Б. КУЛЬТУРА И ЯЗЫК КАК КОНСТРУКТИВНЫЕ ФАКТОРЫ ИСТОРИЧЕСКОГО ДИСКУРСА.....	62
Буланов Е.О., Тумабаев Т.С., Сафаров Р.И. БАСМАЧЕСКОЕ ДВИЖЕНИЕ В СРЕДНЕЙ АЗИИ: ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОКИ И РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ.....	79
Жолдасулы Т., Маделханова М. СОЮЗ «КОШЧИ» И ЕГО ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ В КЫЗЫЛОРДИНСКОМ РЕГИОНЕ: ИССЛЕДОВАНИЕ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ МАТЕРИАЛОВ (1920–1929 гг.).....	95
Касимбекова М.А., Вежихи С.Ф.Х. СОЦИАЛЬНЫЕ ПРЕДПОСЫЛКИ ВОЗНИКНОВЕНИЯ И РАЗВИТИЯ СУФИЙСКИХ ОРДЕНОВ В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ.....	111
Кокебаева Г.К., Бисембайулы М. ВЫНУЖДЕННАЯ МИГРАЦИЯ И ЭТНИЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА В ЗАПАДНОЙ БЕЛАРУСИ И ЗАПАДНОЙ УКРАИНЕ В 1940-х ГОДАХ.....	125
Куанбай О.Б., Апендиев Т.А., Ушкурбаева А.Е. ДЕМОГРАФИЧЕСКАЯ ДИНАМИКА ТАДЖИКИСТАНА: РОЖДАЕМОСТЬ, СМЕРТНОСТЬ, ТЕНДЕНЦИИ И ПРОГНОЗЫ (1990–2023 ГГ.).....	139
Маликова С.З., Ташагыл А., Исакаева А.М. АУЛЬНЫЕ БАИ: ПОЛИТИКА КОНФИСКАЦИИ И ВЫСЕЛЕНИЕ ПРОВЕДЕННАЯ В БУЛАЕВСКОМ РАЙОНЕ.....	155
Мукаметханулы Н., Курбанали Ж. ПОЛИТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ ДИНАСТИИ ХАНЬ И ХУННУ И ИХ ВЛИЯНИЕ НА ЦИВИЛИЗАЦИЮ КОЧЕВНИКОВ.....	169
Мухатова О.Х., Сеффат Д. КАЗАХСКО – РУССКИЕ ДИПЛОМАТИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ КОНЦА XVII – НАЧАЛА XVIII ВВ.....	182
Мырзабекова Р., Жакупова Г., Рахмонкулова З. СИСТЕМА ПРИНУДИТЕЛЬНОГО ТРУДА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСКОЙ ССР НА ПРИМЕРЕ ЯПОНСКИХ ВОЕННОПЛЕННЫХ (1946–1956 гг.).....	195
Нурпенсова Э.Т., Байдалы Р.Ж., Абиля Е.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЕЛДЕСА ОМАРОВА В ГОДЫ ГРАЖДАНСКОГО ПРОТИВОСТОЯНИЯ (1917–1919 гг.).....	211
Сарсембаева Г.А., Жайлаубаева А.Н., Уалтаева А.С. СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ГОРОДАХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА В 90-е ГОДЫ XX ВЕКА (НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА И СЕМИПАЛАТИНСКА).....	225
Сисенбаева А.А., Калыбекова М.Ч., Абуов Н.А. ВОЕННОПЛЕННЫЕ-КАЗАХСТАНЦЫ В КОНЦЛАГЕРЯХ ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ: ВОЗМОЖНОСТИ РЕКОНСТРУКЦИИ СУДЕБ НА ОСНОВЕ АРХИВНЫХ КАРТОТЕК.....	241
Телеуова Э.Т., Жумадил А.К. ЗАКОНОМЕРНОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ГИБРИДНОЙ ПРАВОВОЙ МОДЕЛИ В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ В XIX ВЕКЕ.....	256

ЭТНОЛОГИЯ/АНТРОПОЛОГИЯ

Асылбекова Н., Кистаубаева А., Доспанов О. КАЗАХСКИЕ ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ КОЛЛЕКЦИИ КУНСТКАМЕРЫ: МУЗЕЕВЕДЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	270
Мусабаев К., Сиздиков Б., Малдыбек А. ЛОКАЛИЗАЦИЯ СРЕДНЕВЕКОВОГО ГОРОДА СУРИ: НА ОСНОВЕ ПИСЬМЕННЫХ И АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ СВИДЕТЕЛЬСТВ.....	282

ASIAN JOURNAL “STEPPE PANORAMA”

2026. 13 (1)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Құрылтайшысы және баспагері:

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Журнал сайты: <https://ajspiie.com>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЖЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй